



2021 жылға жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 140-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 7963 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 13 қазандағы № 147-қ қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 13.10.2021 № 147-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар осы қаулының 1, 2 - қосымшаларына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Е. Талекеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Арал ауданының әкімі

М. Уразбаев

Арал ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 140-қ
қаулысына 1-қосымша

2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)
1	"Арал құрылысы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	56	3,57%

Арал ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 140-қ
қаулысына 2-қосымша

2021 жылға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота

№	Ұйым атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Жұмыскерлердің тізімдік санынан квотаның көлемі (пайыз)
1	"Арал" Сервистік дайындау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	40	5%

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК